

ҒТАХР80.801.8

ӨЛШЕМДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮШІН ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚ ЛАТЫН ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ЖАЗУ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

Мурат Жеритогл¹

¹PhD, доцент,

Анкара Университеті, Қазіргі түркі тілдері мен әдебиеті бөлімі,
Түркия, Анкара, e-mail: ceritoglu@ankara.edu.tr

Мақалада жаңа латын жазуына негізделген қазақ әліпбиі мәселелері қарастырылады. Ы.Алтынсариннен бастап, бүгінге дейінгі әліпбидің өзекті мәселелеріне арналған еңбектер талданады. Тілдің жазылған әліпби жүйесі, о тілде сөйлейтін ұлттың мәдениет ортасының белгісі. Үңгірлердің қабырғаларына, тау жыныстарына сурет салумен бастап, уақыт өте келе дамыған жазба жүйелері, өз ерекшеліктеріне сәйкес бейнелер / тұжырымдама жазба жүйелері (*pictographic or ideographicsystems*), буын жазба жүйелері (*syllabaries*), абжад жазба жүйелері (*abjads*) және әліпби жазба жүйелері (*alphabets*) ретінде жіктелген. Қазіргі уақытта тілді жазбаға аудару үшін ең алдымен әліпби жазба жүйесімен буын және абжад жазба жүйелері қолданылады. Түріктер және қазақтар әртүрлі географиялардағы бір тілдің түрлерінде сөйлесуі болғанымен, емледе әртүрлі әліпбилерді қолданғандықтан, тікелей өздерінің жазу тілдері арқылы бір-бірінің мәліметерін пайдалана алмады. Мақалада қазақ, түрік тілдерінің фонетикасын зерттеген ғалымдардың эксперименталды жұмыстарының нәтижелері көрсетіледі.

Түйін сөздер: Латын әліпбиі, өлшемді, фонетика, қазақ тілі.

Тіл менен тасымалдаған ақпаратты жазумен сақтау жұмысы, бүгінгі ақпаратқа сәйкес, 22 мың жыл бұрын [1; 11] үңгірлердің қабырғаларына, тау жыныстарына сурет салудан басталды. Бейнелер/тұжырымдама жазба жүйелерінде әр белгі бір оқиғаны немесе тұжырымдаманы хабарлайды. Буын жүйелі жазба жүйесінде әр дауыссыз дыбыс бір дауысты дыбысты қалайды. Абжад жазба жүйесінде дауысты дыбыстар көрсетілмейді немесе ең аз деңгейде көрсетіледі. Дауысты дыбыстар қалауы бойынша қосалқы (*diakritic*) таңбалармен белгіленеді. Әліпби жазба жүйесінде болса, дауысты немесе дауыссыз дыбысты белгілеу үшін алдымен бөлек әріптер қолданылады [2; 46]. Буын, абжад және әліпби жазба жүйелеріндегі таңбамен белгіленген буындар немесе дыбыстар арасындағы байланыс себепсіз болып табылады. Сондықтан, құрылымы бойынша әртүрлі ерекшеліктерге ие болса да, үлкен бөлігінде бірдей дыбыстармен сөйлегендері үшін топ-топ бірдей жазбаша жүйелермен жазылуы мүмкін. Тіпті түрік тілі мысалдағыдай, кейбір тілдер бірдей уақыт аралығында әр түрлі графикалар негізінде құрылған жазба жүйелерімен жаза алмасы да [3], әріп пен дыбыс арасындағы себеп-салдарлық байланыс болып табылады.

Өлшемді тіл, лингвистикалық қоғамдастықта аумақтық келісім тілі ретінде танылған және қабылданған тілдің түрі болып табылады [4; 42]. Өлшемді тілдің лингвистикалық қоғамдастықта таралуы, ресми қарым-қатынастың барлық түрлерінде, баспасөзде, оқу орындарында жазбаша түрде пайдаланылуы үшін әліпбиі және жазу ережелерді анықтау қажет. Өлшемді тілде жазу үшін құрылған әліпби, өлшемді (ұлттық) әліпби деп аталады. Лингвистикалық қоғамдастықтағы әртүрлі диалект ерекшеліктері бар тұлғалармен бірлесіп пайдаланылуы үшін, өлшемді әліпбидегі әріптер төл және қолдануға жарамды болуы керек.

1. 19 ғасырдың соңғы ширегі және 20 ғасырдың бірінші ширегінде қазақшаның өлшемді жазуы үшін әліпби жұмыстары басталады. Осы жұмыстар араб және кирил графиканың негізінде екі бағытта жүргізіледі. Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы жарияланған «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» атты еңбегі, А.Е. Алекторовтың 1891 жылы жарияланған «К мудрости ступенька. Азбука для учеников начальных русско-казахских школ» және 1910 жылы жарияланған «Русско-киргизская азбука» атты еңбектері, В.В. Катаринскийдің 1882 жылы жарияланған «Букварь для киргизских детей» және 1893 жылы жарияланған «Первоначальный учебник русского языка для киргизов» атты еңбектері, М.П.Ронгинскийдің 1905 жылы жарияланған «Букварь для киргизских аульных школ» атты еңбегі және Александр В. Васильевдің 1912 жылы

жарияланған «Букварь для киргизских школ» [5; 50] атты жұмыстар кирил әріптерімен қазақ тілінің жазуыны және оқу жазу оқыту барысында пайдалануды қамтамасыз ету үшін жазылған кейбір кітаптар. Кирил негізінде әліпби жүйе арқылы бір жағынан мектептерде оқу жазу оқытылғанда, екінші жағынан Хрестоматиялар оқу кітаптары жарияланады. Сол кезде қазақ тілінің өлшемді жазуы құрылмағандықтан, кирил әріптерімен жазылған мәтіндерде *уи, бр, аке, эртенг* [6], *ўй, бир, аке, ертенг* [7] мысалдарда көрініп тұрғандай, бірдей сөздердің әртүрлі жазылуы байқалады.

2. Қазақтар өз тілімен атаған байланысты ақпаратты қоршаған орта және уақыттың сыртына шығару үшін араб графикасы негізіндегі төте жазу, қазақ латын әліпбиі және қазақ кирил әліпбиіні пайдаланған немесе пайдаланып жүр. 2017 жылы 26 қазан айында 569 нөмірлі қол қойылған шешім бойынша өлшемді қазақ тілінің жазбасы қазақ кирил әліпбиінен қазақ латын әліпбиіне ауысу туралы шешім қабылданды. Декларацияға сәйкес, бұл өтпелі процесс 2025 жылға дейін бірте-бірте жүзеге асырылады. Латын әліпбиге көшу туралы шешімнің қосымшасында қазақ латын әліпбиі кесте ретінде жарияланды. Кестеде қабылданған әліпбидің латын әріптері кирил әріптерімен саластырылып берілген. Алфавитте 9 дауысты (Aa, A'a', Ee, Ii, Oo, O'o', Uu, U'u', Yy), 21 дауыссыз (Bb, Dd, Ff, Gg, G'g', Hh, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, N'n', Pp, Qq, Rr, Ss, S's', C'c', Tt, Vv, Zz) және 2 (I'i', Y'y') кирил әліпбиінде саластырмалы түрде берілген мәліметке көре әрі дыбысты әрі дифтонгтарды белгілеген 32 әріп бар.

Қазіргі уақытта тілдердің жазба жүйелерінде жиі қолданылатын латын әліпбиі, Этрускилер қолданған грек тегінден шыққан әліпбиіне сүйенеді. Классикалық латын әліпбиінде 23 әріп бар. Орта ғасырда әліпбиге J, U және W әріптері қосылады [8; 81]. Осылайша Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz әріптерден құрылған латын әліпбиі ортаға шықты. Әртүрлі тілдердің өлшемді жазуы үшін құрылған латын графика негізіндегі өлшемді әліпбилерде барлық немесе әріптердің көбі осы төл әріптерден тұрады. Дыбыстарды белгілеу үшін әліпбидегі төл әріптер жеткіліксіз болған кезде қосалқы таңбаларды пайдаланылады. Өлшемді тілде жазу үшін латын графика негізінде әліпбилерді қолданған көптеген әліпбилерде төл әріптермен қосалқы таңбалар да бар. Өлшемді қазақ тілінің жазуы үшін қабылданған шешімнің қосымшасында берілген әліпбиде 23 төл әріп (Aa, Bb, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Yy, Zz), 9 қосалқы әріп (A'a', I'i', O'o', U'u', G'g', N'n', S's', C'c', Y'y') бар.

Өлшемді қазақ латын әліпбиімен қазақшаның қолайлы және жаңылыстан ұзақ жазбаны жүзеге асыру үшін әліпбидегі әріптер, қазақшаға көшірілген сөздердің жазылуы және қазақшаның айтылым әуезіне тиісті мәселелерге тоқталайық.

3. Қазақ латын әліпбиіндегі әріптерге қатысты мәселелер *қосалқыәріптер, ұқсас дыбыстарды белгілейтін бөлек әріптержәне әрі дыбысты әрі дифтонгтарды белгілеген әріптер* тақырыптар бойынша топтастыруға болады.

3.1. Төл әріппен белгіленген бір немесе бірнеше дыбыстарды белгілеу үшін, әдетте әріптің төмен немесе жоғары жағына қойылатын белгіге *қосалқы (diakritic)таңба* деп аталады [9; 132]. Осы белгілердің арқасында аз әріптері бар өлшемді тілдің фонетикалық бағытыны, жазбада толығырақ көрсетілуі керек. Латын графика негізіндегі белгілі әліпбилерде қолданылған қосалқы әріптер: чех әліпбиінде «ú, ů, ý, ž, á, ě, ě, í, ň, ó, ř, š, ť», дат әліпбиінде «å, é, ø», голланд әліпбиінде «é, ë, î, ó, ö, ù», финляндия әліпбиінде «ä, å, ö», француз әліпбиінде «ù, û, ü, ý, à, â, ç, é, è, ê, ë, î, î, ô», неміс әліпбиінде «ä, ö, ü», венгр әліпбиінде «á, é, í, ő, ó, ő, ü, ú, ű», исландия әліпбиінде «á, ð, é, í, ó, ö, þ, ú, ý», италия әліпбиінде «à, è, é, ì, ò, ó, ù», маори әліпбиінде «ā, ē, ī, ō, ū», норвегия әліпбиінде «å, â, é, è, ê, ø, ó, ò, ô», пиньинь әліпбиінде «ü, ā, á, ǎ, à, ē, é, ě, è, ò, ó, ò, ò, ī, í, ì, ì, ū, ú, ū, ù», поляк әліпбиінде «ą, ć, ę, ł, ń, ó, ś, ź, ż», португал әліпбиінде «ã, á, à, â, ç, é, ê, í, ð, ó, ô, ú, ù», румын әліпбиінде «ă, â, î, ș, ț, ț», испан әліпбиінде «á, é, í, ñ, ó, ú, ü, j», швед әліпбиінде «å, å, é, ö», вьетнам әліпбиінде «á, à, â, ã, ă, a, é, è, ê, ê, ó, ò, ô, ð, ơ, ô, ơ, ú, ù, ù, ù, ư, u, u», валлий әліпбиінде «á, ê, î, ô, ù, w, y» [8], түрік әліпбиінде «â, ç, ğ, î, ò, ş, ü, ù», түрікмен әліпбиінде «â, ž, ñ, ò, ş, ü, ý», Әзербайжан әліпбиінде «ç, ğ, ö, ş, ü», өзбек әліпбиінде «g', o'» [10].

3.1.1. Осы әліпбилердегі қосалқы әріптердің ортақ бағыты, төл формаларының да әліпбиде табылғаны. Өлшемді қазақ латын әліпбиінде орналасқан қосалқы *a', i', o', u', g', n', s', y'* әріптердің төл формалары *a, i, o, u, g, n, s, y* да әліпбиде бар. Бірақ қосалқы *c'* әріптің белгілеген дыбыстың бастапқы ақпаратты беретін *c* әрібі әліпбиде жоқ. Әліпби техникасы бойынша осы бұзушылықты жою үшін төл *c* әріпті лайықты дыбысты белгілеу үшін әліпбиге қосылуы керек немесе қосалқы *c'* әріптің белгілеген дыбысты басқа әріппен белгілеуі қажет.

3.1.2. Басқа әліпбилер сияқты қазақ латын әліпбиінде де қосалқы *a'* әрібі төл *a*, қосалқы *i'* әрібі төл *i*, қосалқы *o'* әрібі төл *o*, қосалқы *u'* әрібі төл *u*, қосалқы *g'* әрібі төл *g*, қосалқы *n'* әрібі төл *n*, қосалқы *s'* әрібі төл *s* әріппен белгіленген дыбыспен бірнеше бағытта бірдей дыбыстарды белгілеу үшін пайдаланылады. Бірақ әліпбидегі *y'* әрібінің белгілеген дыбыспен төл *y* әрібінің белгілеген дыбыстың жоғарыдағыларға ұқсас қатынастар жоқ. *y* әрібімен қысаң езулік дауысты /i/ дыбысы, осы әріптің қосалқы формасы *y'* әрібімен әліпби кестесіне көре /u/, /uv/, /iiv/ ve /v/ дыбыстары белгіленген. Төл *y* әрібінің белгілеген дыбыс пен қосалқы *y'* әрібінің белгілеген дыбыстар арасында осы сәйкессіздік жағдай, әліпбидегі қосалқы әріптерді және осы әріптердің белгілеген дыбыстарды анықтау техникасына қарсы болып табылады. Қазақ латын әліпбиі үшін бұл жағдай тиімсіз болып табылады. Осы жағдайды жою үшін төл *y* және қосалқы *y'* әріптерінің белгілеген дыбыстардың қайтадан қарастырылмасы керек.

3.1.3. Неміс, әзірбайжан, чех, дания, фин, француз, уэльс, нидерланд, испан, швед, итальян, исландия, поляк, венгрия, маори, норвегия, пиньинь, португалия, румыния, түрік, түрікмен және вьетнамдық латын әліпбилерінде қосалқы таңбалар әріптердің үстіне немесе астына қойылады. Қазақ латын және өзбек латын әліпбилерінде осы белгілер әріптің жоғарғы оң жағына қойылады. Қосалқы таңбалардың орналасу орны бойынша қазақ және өзбек латын әліпбилері жоғарыда аталған 22 тілдің әліпбилерден бөлінеді.

Қосалқы таңбаларды әріптерің астына немесе үстіне қойылмасы, ондаған, тіпті жүздеген жылдар бойы тәжірибенің нәтижесі болу керек. Қазақ латын әліпбиінде *o'* әрібімен белгілеген дыбыстың бірдей немесе ұқсасыны неміс, нидерланд, фин, венгрия, исландия, швед, түрік, түркмен әліпбилерінде *ö* әрібімен; қазақ латын әліпбиінде *u'* әрібімен белгілеген дыбыстың бірдей немесе ұқсасыны неміс, Әзірбайжан, француз, нидерланд, венгрия, пиньинь, португалия, испан, түрік, түркмен әліпбилерінде *ü* әрібімен немесе қазақ латын әліпбиінде *c'* әрібімен белгілеген дыбыстың бірдей немесе ұқсасыны француз, португалия, түрік, Әзірбайжан және түрікмен әліпбилерінде *ç* әрібімен белгілегенуі жоғарыда аталған әліпбилерде ешқандай кемшіліктер тудырмады.

Әліпбилерінде *ii* әрібі болғандықтан француз әліпбиі француз әліпбиінен, неміс әліпбиі неміс әліпбиінен, испан әліпбиі испан әліпбиінен, түрік әліпбиі түрік әліпбиінен ж.б. шықпады.

3.1.4. Басқа өлшемді латын әліпбиіндегі әріптер 23 әріппен бірдей болуы, Өлшемді қазақ латын әліпбиінің ұлттық сананы талқыламайтын болса, басқа тілдерде табылған дыбыстарды белгілеу үшін, бәріне жақын басқа өлшемді латын әліпбилерінде кең таралған қосалқы әріптерді қолдануы да талқыламауы керек, әліпби қазақ санасыны әлсіретпейді. Әсерін келтірмейтін сияқты қазақша сөздердегі әріптердің шіркеуден құтылып тұтас болуға, жазуның практикалық болуына және қазақшаны шет тілі ретінде оңай үйренуге қамтамасыз етеді.

3.2. Ұқсас дыбыстарды белгілейтін бөлек әріптер тақырып бойынша *g / g', k / k' vev / y'* әріптер жиынтығы талқыланатын болады.

3.2.1. Өлшемді қазақ латын әліпбиінде ұяң, тіл ортасы, ызың дауыссыз дыбысты белгілеу үшін *g* әрібі, ұяң, кіші тіл, ызың дауыссыз дыбысты белгілеу үшін *g'* әрібі; қатаң, тіл ортасы, шұғыл дауыссыз дыбысты белгілеу үшін *k* әрібі, қатаң, кіші тіл, шұғыл дауыссыз дыбысты белгілеу үшін

Латын графикасына негізделген қазақ тілі
ӘЛІПБИ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[n], [nr]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[ə]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[p]
7	G g	[r]	23	S s	[c]
8	G' g'	[r]	24	S' s'	[ш]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ч]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[u], [ü]	27	U u	[y]
12	J j	[ж]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ы]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

қәрібі айқындалды. Өлшемді қазақша жазуында қолданылған Төте жазуында (ع / ق; گ / ك) [5;58] да, Бірінші Қазақ Латын әліпбиінде (g / q; k / q) [11] де, әлі де қолданыстағы кирил әліпбиінде (г / ғ; к / қ) де жоғарыда айтылған дыбыстардың белгілеуі үшін бөлек әріп қолданылады.

Тіпті осы жағдай түрік тілінің тарихи кезеңдерде әдетте жазбаша түрде пайдаланылатын, Түрік руник жазбасында да, араб графикасы негізінде басқа әліпбилерде де қолданылады. Осы әліпбилердің ортақ ерекшелігі, кемінде сегіз дауысты дыбысты белгілеу үшін үш немесе төрт әріпті пайдалануы. Кемінде сегіз дауысты дыбысты белгілеу үшін қолданылған осын үш немесе төрт әріп жалпы алғанда дауысты дыбыстардың буын үндістігі (қалың-жіңішке) ерекшелікті көрсетпейді.

Қазақшаның өлшемді жазуы үшін қолданылған және қолдатылатын әліпбилерде дауысты дыбыстардың әрқайсысы үшін қалың-жіңішке ерекшелікті көрсететін бөлек әріп айқындалды. Әр дауысты дыбыстың бөлек әріптермен таңбалауы, жасалу орнына қарай дауыссыз дыбыстардың бөлек әріптермен таңбалауы керектілігі ортадан жойылды. Мысалы, тіл ортасында тұжырымдалған /g/ дауыссыз дыбыс кіші тіл жағында тұжырымдалған /ġ/ дауыссыз дыбыспен және тіл ортасында тұжырымдалған /k/ дауыссыз дыбыс кіші тіл жағында тұжырымдалған /қ/ дауыссыз дыбыспен қарама-қарсы дауыссыз дыбыстар. Түрік тілінде үндістік заңына сәйкес кіші тіл жағында тұжырымдалған қарама-қарсы дауыссыз дыбыстар қалың дауысты дыбыстармен (/a/, /ı/, /o/, /u/), тіл ортасында тұжырымдалған қарама-қарсы дауыссыз дыбыстар жіңішке дауысты дыбыстармен (/e/, /i/, /ö/, /ü/) бірге тіл бірліктерінде орын алады.

/g/-/ġ/ қарама-қарсы дауыссыз дыбыс тобы үшін анықталған бір әріп және /k/-/қ/ қарама-қарсы дауыссыз дыбыс тобы үшін анықталған бір әріп болса, кіші тіл жағында ма, тіл ортасында ма белгілегені жалпы түркі тілінде сияқты, қазақшада да үндістік заңына сәйкес, сөздің жазымында бір арада табылған дауысты дыбыстан білуге болады. Қарама-қарсы дауыссыз дыбыс топтары үшін анықталған бір әріп жіңішке дауысты дыбыстардың арасында орналасса тіл ортасы дауыссыз дыбысты, қалың дауысты дыбыстардың арасында орналасса кіші тіл дауыссыз дыбысты белгілегені анық.

Тілдің орнына қарай қарама-қарсы дыбыстар бөлек әріптермен жазылғаны үшін бар екенін қорғамайды, кейбір әліпбилерде дауысты дыбыстарды бөлек белгілеуінде жеткіліксіз қалғаны үшін бөлек әріптермен белгілейді. Өтетін қазақ латын әліпбиінде тоғыз дауысты дыбыс та бөлек әріптермен таңбалағаны үшін /g/ және /ġ/ дыбыстардың бір әріппен; /k/ және /қ/ дыбыстардың бір әріппен жазылуы бөлек дыбыстардың жоғалтуына себеп болмайды. Жоғалмайтынына қырғыз, татар, ноғай, түрікмен, түрік және әзірбайжан жазу қолданбаларда көруге болады.

Араб тіліндегі жазбаның әсерімен әр дауысты дыбыс бөлек әріппен таңбалағаны үшін қажет болмаған кезде Төте жазуға енген қарама-қарсы дауыссыз дыбыстардың бөлек әріптермен жазылуы әдеті, қайтадан қажет болмаған кезде қазақ латын және қазақ кирил әліпбиінде де жалғасын тапты. Өтетін қазақ латын әліпбиінде тілдің орнына қарай қарама-қарсы дауыссыз дыбыс топтары үшін бөлек-бөлек бір әріптен белгілеуі пайдасыз әдітке соң беріп өлшемді қазақ тілінің жазылуын жеңілдетеді.

3.2.2. 1938 жылдың басына дейін алғашқы қазақ латын әліпбиінде қазақша сөздердегі үнді, еріндік /w/ дауыссыз дыбысымен орышадан көшірілген сөздердегі ұяң, тіс пен еріндік /v/ дауыссыз дыбысы бірдей әріппен, *v* әрібімен таңбаланды [11].

1938 жылы 2 Қантар күні Қазақ Үкіметі жазуның одан да қолайлы және халықаралық терминдердің дұрыс жазылғандығына байланысты кейбір өзгерістер жасау және екі әріпті қосуды шешеді. Осы өзгерістердің біреуі, сол уақытқа дейін «uv» (uvaqıt, çazuv) және «yv» (yvæde, ketyv, kylyv) әріптерімен жазылған сәйкесінше /uv/ және /iiv/ дифтонгтар мен «v» әрібімен (tav, bav, çev) жазылған үнді еріндік /w/ дауыссыз дыбысымен тек қана «u» әрібімен (uaqıt, çazu, uæde, tau, bau, ketu, kyly, çeu) жазылуы туралы шешім [12; 16-26]. Басқа жағынан орышадан көшірілген сөздердегі ұяң, тіс пен еріндік дауыссыз дыбысы /v/ әрібімен жазылуы жалғасуда. Осылай, сол заманға дейін тек бір әріппен жазылған қазақшада сөздердегі /w/ дыбысы мен орышадан көшірілген сөздердегі /v/ дыбысы бөлек әріптермен жазыла бастайды. Қазақ латын әліпбиіні қолданғанда орышадан көшірілген сөздердің немесе жалғаулардың айтылым әуезінің ерекшеліктерінің сақтау мақсатымен жасалған осы қосымша, қазақ кирил әліпбиінде де қазақша сөздердегі /w/ дыбысы үшін *y*, орышадан көшірілген сөздерде /v/ дыбысы үшін *v* әрібі қолданылуы жалғасуда.

Өтетін қазақ латын әліпбиі кестесіне сәйкес *v* әрібі, қолданыстағы қазақ кирил әліпбиінде *v* әрібіне сәйкес; қосалқы *y* әрібі *y* әрібіне сәйкес болып белгіленді. Қазақ тілі үшін мағынасыз және

тек қана орышадан көшірілген тіл бірліктерінде орналасқан ұяң, тіс пен еріндік /v/ дауыссыз дыбысы (*вариант, автор, вагон, архив, Павлодар, Әуезов*) мен қазақша тіл бірліктерінде орналасқан үнді, еріндік /w/ дауыссыз дыбысы (*ауыл, екеуі, әуес, байлау, тәуелді, әуелі, дәуір*) үшін қолданыстағы әліпбиде (**в / у**) сияқты қазақ латын әліпбиінде де әртүрлі екі әріппен (**в / у**) жазылуы жалғасуда. Бұл жағдай өтетін әліпбиінің қолайлығына теріс әсер етеді. Сондай-ақ, әсіресе орышадан көшірілген тіл бірліктерінде орналасқан ұяң, тіс пен еріндік /v/ дауыссыз дыбысы, кейде қатаң, тіс пен іріндік /f/ дауыссыз дыбысты бөлек әріппен таңбалауды жалғастыру, осы сөздердің фонетика жағынан қазақшалауына кедергі жасайды.

3.3. Өлшемді қазақ латын әліпбиінде әрі дыбысты әрі дифтонгтарды белгілеген әріптер белгілеген әріптер, қосалқы *i' ve y'* әріптері.

3.3.1. Қазақ Үкіметінің 1938 жылдың басында жоғарыда келтірілген себептер бойынша алғашқы қазақ латын әліпбиімен жазылған жазуда жасалған екінші өзгеріс: сол уақытқа дейін **j** әрібімен (*aj, uj*) таңбаланған /y/ дыбысы мен “*ьj*” (*qьj-, тьj-, qьjьn*), “*ij*” (*kij-, ijt, tijin*) әріптерімен жазылған /y/, /iy/ дифтонгтарды таңбалау үшін сол уақытқа дейін /i/ әрібімен таңбалау үшін қолданылған **i** әрібінің (*ai, yi, qi, mi, qiyьn; ki, it, ti, tijn*); /i/ әрібімен таңбалау үшін сол уақытқа дейін /y/ дыбысты (*qьjьn, tijin, cejin, usin*) таңбалаған **j** әрібінің (*tijn, ceijn, usjn*) қолданылуы [12;16-26]. Қазақша сөздердің жазылуында /y/ дыбысы мен /iy/ және /iy/ дифтонгтарды таңбалаған **i** әрібі, орысша сөздерді **и** әрібінің (*институт, химия, физика, инженер, фонетика*) алғашқы қазақ латын әліпбиіндегі ұйқастығы (*insitut, ximia, fizika, inçener, fonetika*) болып пайдаланылады.

Қазақ кирил әліпбиіне ауысқанда да қазақша тіл бірліктерінің бөлек әріптермен жазылуына мүмкіндік болған кезде /y/ және /iy/ дифтонгтар **и** әрібімен жазылады. Бірдей әріп орышадан қазақшаға көшірілген сөздерде болса /i/ дыбысы белгіленеді. /y/ дыбысы болса қазақ кирил әліпбиінде бөлек әріппен **й** белгіленеді.

Жарияланған жаңа қазақ латын әліпбиі кестесінде қосалқы **i'** әрібі қолданыстағы әліпбиде **и** және **й** әріптерді қамтамасыз етеді. Осы кестеде алғашқы қазақ латын әліпбиінің жоғарыда аталған соңғы екі жылда /y/, /iy/, /iy/ және /i/ дыбыстары жалғыз әріппен белгілену қосымшасына қайта оралуы байқалады. Өлшемді қазақ латын әліпбиіндегі **i'** әрібі, қазақ кирил әліпбиінде қамтамасыз ететін әріптердің бірдей фонетикалық жазылуы үшін қолданылса, алғашқы қазақ латын әліпбиінің соңғы екі жылдағы және қолданыстағы қазақ кирил әліпбиінде қазақша үшін пайдасыз және мағынасыз қосымша қазақ латын әліпбиімен жазуына одан әрі күрделене түседі. Қосалқы **i'** әрібімен бір жағынан орышадан көшірілген сөздердегі /i/ дыбысы (*bi'let / билет; i'nsti'ty't / институт; reali's / реалис*), екінші жағынан қазақша сөздердегі /y/ дифтонгы (*mi' / ми 'мый /Тырнақ ішінде берілген қазақша сөздердің айтылым әуезлері Ә. Жүнісбектен (2004) алынды./ ' ; bi'yul / биыл 'быйыл'; i'yq / ыық 'ыйық'; ji'naq / жинақ 'жыйнақ'*) немесе /iy/ дифтонгтары (*ki'giz / кигіз 'кйгіз', i'is / uic 'iiic ', ti'is / tuic 'tiiic'*) жазылады. Бұдан басқа дәл осы қосалқы **i'** әрібі /y/ дыбысты (*bai' / бай, kei'bir / кейбір, oi' / ой, dei'in / дейін*) жазу үшін қолданылады.

3.3.2. Жоғарыда 3.2.2.-де көрсетілгендей 1938 жылдың басында жасалған өзгерістермен, сол заманның қазақ латын әліпбиіндегі бөлек әріптермен /uv/ (*avuv, baruv*), /yuv/ (*yvæde > kegeryv, esyv*) жазылуы мүмкін болған дифтонгтар **и** әрібімен (*auu, baru, uæde, kögeru, esu*) жазыла бастады. Сонымен қатар, бірдей әріп қазақша сөздерді /w/ дыбысты (*sanau, tarau, eleu*), орышадан көшірілген сөздерде болса /u/ дыбысты (*institut*) таңбалау үшін қолданылады [12;16-26]. Алғашқы қазақ латын әліпбиіндегі **и** әрібінің /u/, /v/, /uv/ және /üv/ әрі дыбысты әрі дифтонгтарыны белгілеу мүмкіндігі қазақ кирил әліпбиіне өткенде **у** әрібіне жүктеледі.

Қолданыстағы қазақ кирил әліпбиінде **у** әрібіні өтетін қазақ латын әліпбиі кестесінде **у'** әрібі қамтамасыз етеді. Қосалқы **у'** әрібі де қосалқы **i'** әрібі сияқты. Қазақ кирил әліпбиінде қамтамасыз ететін әрібін бірдей фонетикалық ережелермен қолданылғанда бір әрібін екі әртүрлі дыбысты белгілеуі, бірдей әрібін қазақша сөздер мен орышадан қазақшаға көшірілген сөздерде әртүрлі дыбыстарды белгілеуі сияқты жаңылыстар өлшемді қазақ латын әліпбиімен жасалатын жазуға өтетін болады. Мысалы, **у'** әрібі орышадан көшірілген сөздерде /u/ дыбысы (*ku'pon / купон, bu'ka / бурка, ju'nal / журнал*), қазақша сөздерде болса /v/ дыбысы (*y'qalay' / уқалау, y'leu' / улеу, qarмай' / қармай*), сонымен қатар, /uv/ дифтонгты (*y'ai'ymdy / уайымды - 'ұуайымды', y'aqyt / уақыт - 'ұуақыт', y'yzdyq / уыздық - 'ұуыздық', qaly' / қалу - 'қалұу'*) мен /iiv/ дифтонгты (*y'ezin / уәзін 'ууәзін', bily' / білу 'білуу'*) белгілейді.

/l/ дыбысы үшін *y* әрібі, /i/ дыбысы үшін *i* әрібі белгіленгенде /y/ және /iy/ дифтонгтарының қосалқы *i'* әрібімен белгіленуі, дәл осы *i'* әрібінің бұларға қосымша болып /y/ дыбысыны және орысшадан көшірілген сөздерде /i/ дыбысты белгілеуі және /u/ дыбысы үшін *u* әрібі, /ü/ дыбысы үшін *u'* әрібі белгіленгенде /uv/ және /üv/ дифтонгтарының *y'* әрібімен белгіленуі, дәл осы *y'* әрібінің бұларға қосымша болып қазақша сөздерде /v/ дыбысты және орысшадан көшірілген сөздерде болса /u/ дыбысты белгілеуі өлшемді қазақ латын жазуының өте күрделі жағдайға түсіреді, үйретуі және оны жүзеге асыруы қиынға соғады.

4. Табиғи дамыған тіл қарым-қатынастарда, негізгі тілге көшірілген тіл кодтары модель тілдегі нысанымен бірдей болмайды. Мағынасында, синтаксистік түрде, синонимдерде, дыбыс құрылымында, және осыған қатысты жазбашада кішкентай болса да өзгерістер болады. Бұл табиғи процестің нәтижесінде түрікше сөздік құрамында *televizyon* нысанында орналасқан көшірілген сөз ағылшын тілінде *television*, француз тілінде *télévision*, испан тілінде *televisión*, итальян тілінде *televisione*, венгр тілінде *televízió*, португал тілінде *televisão*, поляк тілінде *telewizja*, румын тілінде *televiziune*, әзірбайжан тілінде *televiziya* нысанында; түрікше сөздік құрамында *kompartment* нысанында орналасқан көшірілген сөз француз тілінде *compartiment*, ағылшын тілінде *compartment*, испан тілінде *compartimiento*, португал тілінде *compartimento*, румын тілінде *compartiment*; түрік және әзірбайжан тілінің сөздік құрамында *refleks* нысанында орналасқан көшірілген сөз ағылшын, венгр және румын тілдерінде *reflex* нысанында орналасқан сөз; француз тілінде *réflexe*, испан тілінде *reflejo*, итальян тілінде *riflesso*, португал тілінде *reflexos*; және түрікше сөздік құрамында *ceket* нысанында орналасқан көшірілген сөз ағылшын тілінде *jacket*, испан тілінде *chaqueta*, португал тілінде *jaqueta*, румын тілінде *jacheta*, әзірбайжан тілінде *jaket* нысанында орналасқан.

Ағымдағы ақпаратқа сәйкес, 18 ғасырдың бірінші жартысында басталған қазақша-орысша тіл қарым-қатынастары 1930-шы жылдарға дейін табиғи процесте жалғасуда. Кез келген табиғи тіл қарым-қатынастарда болғандай орысшадан қазақшаға көшірілген сөздер, осы кезеңде әсіресе фонетикалық бағыттан негізгі тіл болған қазақшаның ерекшеліктеріне сәйкес болып (*химия* > *qijmija*, *физика* > *rijzika*, *инженер* > *ijncener*, *фонетика* > *rәnetika*, *кафедра* > *köpedra*, *вольт* > *bolt*) [12;17-23], *комиссариат* > *kәmeserrijet*, *магазин* > *maqazьn*, *стол* > *ystel*, *завод* > *zavьt* [13]; *уезд* > *үйез*, *поезд* > *пойыз*, *волость* > *болыс*, *стол* > *үстел*, *завод* > *зауыт*) жазылады.

КСРО Орталық Атқару Комитеті және Халық Комиссариатының Төрағасының алынған шешімі бойынша өлшемді қазақ кирил әліпбиінің өлшемді тілді жазу үшін қолданалуға басталуымен бірге орысшадан көшірілген сөздер өлшемді қазақшаға орыс тілінің емле ережелеріне сәйкес жазылған. Қазақстан 1991 жылы өзінің тәуелсіздігін жариялағанымен бұл емле ережелері әлі де жалғасуда. Әліпби кестесінде *v, i'* және *y'* әріптерінің орын алмасы, мұндай сөздердің мүмкіндігінше жазуға аудару (транслитерация) нұсқауларына сәйкес жазылуының жоспарланғаны болжауға мүмкін. Орысшадан көшірілген сөздердің жазуға аудару нұсқауларына сәйкес жазылуы өлшемді қазақ кирил әліпбиіндегі екі тілді негізі болып алған емле ережелері, айтылым әуезі орысшадағы жазуымен де сәйкес келмейтін сөздердің жазуда одан да түсініксіз болып қазақ латын әліпбиіне өтеді.

Әрине, орысшадан көшірілген және енді қазақша сөздік құрамының бір бөлігі болған мұндай сөздердің тақырыптың мамандары тарабынан қазақша айтылым әуездерінің анықтауы, анықталған айтылым әуездеріне сәйкес қазақ латын әліпбиіндегі әріптермен, мысалы, *орфография* сөзінің *arfagrafi'a*; *редактор* сөзінің *ridaktyr*; *профессор* сөзінің *rugafesar*; *министр* сөзінің *ministyr*; *вокзал* сөзінің *vagzal*; *эволюция* сөзінің *evalutsi'a* нысанында жазылуы айтылым әуездері мен жазуы жақындаған сияқты өлшемді қазақ тілді нығайтады.

5. Диалект немесе айтылым әуезі сөйлеуші болсын адам немесе қауым тілдірдің фонетикалық бағыты, лингвистикалық немесе лингвистикалық емес факторларға байланысты тұрақты даму және өзгеріс ішінде. Сондықтан уақыт өте келе тіл бірліктерінің айтылым әуезі мен өлшемді емле арасында айырмашылықтар пайда болады. Айтылым әуезі мен емле арасындағы айырмашылықтарды немесе емленің басқа мәселелеріні шешу үшін орыс тілінде [14], неміс тілінде, француз тілінде, испан тілінде, португал тілінде және т.б. (*valerieyule.com.*) сияқты тілдердің емлелерінде мезгіл-мезгіл реформалан жасалған, емле айтылым әуезіне жақындады.

Орфография сөздігінде қазақша сөздердің өлшемді кирил әліпбиімен емлесі мен айтылым әуезі арасында бөлме / *бөлмө*, жарыту / *жарытуу*, жасауыл / *жасауұл* сияқты айырмашылықтар бар. Қазақ латын әліпбиімен айтылым әуезі негізінде емле ережелері жасылып бұл айырмашылықтарды азайтуға болады.

6. 2025 жылына дейін толығымен өтетін өлшемді қазақ латын әліпбиімен жазуы, сынға ұшырайтын мәселелер болса да қолданыстағы қазақ кирил әліпбиімен жазуына қарағанда қарапайым және қолайлы болады. Қарапайымдылығы мен қолайлығыны одан да жетілдіру, қазақшаның өзіндік ерекшелігіні күшейту үшін қосалқылардың қойылатын жерді, қосалқы әріптерді белгіленуі туралы өзгерістер жасалуы керек. Біреуі орыс тілінен көшірілген біреуі қазақша сөздерде орын алған өте ұқсас дыбыстарды белгілеген *v* және *y'* әріптерінің; негізінде әрқашан бөлек әріптермен жаза алатын дыбыстарды бөлек дыбыстарды белгілеген *i'* және *y'* әріптерінің және қарама-қарсы дауыссыздар *g / g'* және *k / q* бөлек әріптермен таңбалаудың орнына түркі тілдердігі сияқты қазақ тіліндегі үндістік заңына сәйкес қарама-қарсы қатаң дауссыздарды жалғыз әріппен, қарама-қарсы ұяң дауссыздарды жалғыз әріппен белгілеуді назарға алынса, өзгерістер жасалынса өлшемді қазақ тілінің үйрету/үйрену жеңіл және одан да ыңғайлы әліпби болады.

Тілдің жазылған әліпби жүйесі, о тілде сөйлейтін ұлттың мәдениет ортасының белгісі. Түріктер және қазақтар әртүрлі географиялардағы бір тілдің түрлерінде сөйлесуі болғанымен, емледе әртүрлі әліпбилерді қолданғандықтан тікелей өздерінің өлшемді жазу тілдері арқылы бір-бірінің мағлұматын пайдалана алмады. Жазу тілдері арқылы тікелей мағлұматты бөлісу алдындағы кедергілердің бірі әліпби айырмашылығы өзгерілуі үшін өлшемді қазақшаның қазақ латын әліпбиімен жазылуы Қазақстаннан тыс ең көп қызығушылықты Түркия көрсетті.

Аударған: Мадина Молдашева, докторант, Тіл – Тарих-География Факультеті, Заманауи Түркі тілдері мен әдебиеттері бөлімі, Анкара Университеті, e-mail: madina1104@hotmail.com

Пайдалынған әдбиеттер

- 1 Jean G. (1987) Writing The Story Of Alphabets And Scripts, Discoveries, New York
- 2 Bussman H. (1998). Routledge Dictionary of Language and Linguistics, Routledge, London and New York
- 3 Усер X. (2006) . Türk Yazı Sistemleri, Akçağ, Анкара.
- 4 Екер С. (2010). Çağdaş Türk Dili, Графикер, Анкара.
- 5 Қайдар Ә. (1998). Қазақ тілі энциклопедия, Алматы.
- 6 Алтынсарин Ы. (1879). Киргизская хрестоматия, Оренбург.
- 7 Алекторов А.Е. (1907). Киргизская хрестоматия, Омск.
- 8 Campbell G.L., Moseley C. (2012). The Routledge Handbook of Scripts and Alphabets, Roudledge, London.
- 9 Brown K., Miller J. (2013). The Cambridge Dictionary of Linguistics, Cambridge University Press, New York.
- 10 Хусанов Н., Расулова З. (2004). Lotin Yozuviga Asoslangan O'zbek Alifbosi Va Imlosi, Ташкент.
- 11 Шонанов Т. (1930). Самоучитель казахского языка для русских, Қазиздат. <http://ira.typeit.org> – 05.11.2011
- 12 Смагулова Г. (ред). (2000). Академик Ниғмет Сауранбаевтің Еңбектері, Кенже Пресс, Алматы.
- 13 Бегалиев Г.Б., Гаврилов (1936). Қазақша-Орысша Сөздік, Қазақстан Баспасы, Алматы.
- 14 Klein K. (1964). Recent Soviet Discussion on Reform of Russian Orthography, The Slavic and East European Journal, Vol. 8, No. 1 (Spring, 1964), pp. 54-61.

КАЗАХСКИЙ ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ И РАЗНЫЕ МНЕНИЯ О ПИСЬМЕ

Мурат Жеритогл¹

¹ PhD, доцент, Факультет языков, истории, географии
Современные тюркские языки и литература, Университет Анкара
Турция, г. Анкара, e-mail: ceritoglu@ankara.edu.tr

В статье рассматриваются проблемы нового казахского латинского алфавита. Проанализированы исследования по актуальным вопросам алфавита от Ы.Алтынсарина до

сегодняшнего дня. Письменная алфавитная система является признаком культуры нации, которая говорит на одном языке. Письменность классифицирована начиная со стен пещеры, скал и систем окраски, самых современных систем записи, графических или идеографических систем, слогов, абхад и алфавитных систем (алфавитов). В настоящий момент языки и системы письма алфавита используются в основном для перевода. Турецкий и казахский народы, живя в разных географических областях, использовали разные письменности, поэтому они не могли использовать информацию друг друга непосредственно в своих письменных языках.

В статье использованы результаты экспериментальной работы исследователей фонетики казахского и турецкого языков.

Ключевые слова: латинский алфавит, фонетика, казахский язык.

KAZAKH LATIN ALPHABET AND OTHER VIEWS ABOUT THE LETTER

Murat Zheretoyul¹

¹PhD, Associate Professor, Faculty of Languages, History, Geography,
Modern Türkic Languages and Literature. University of Ankara
Ankara, Turkey, e-mail: ceritoglu@ankara.edu.tr

The problems of the new Kazakh Latin alphabet are considered in the article. Studies on actual issues of the alphabet from Y. Altynsarin to the present day are analyzed. A written system is a sign of the culture of a nation that speaks the same language. Writing is classified from cave walls, rocks and painting systems, the most modern recording systems, graphic or ideographic systems, syllables, abjad and alphabetic systems (alphabets). The real ones are used mainly for translation. At the moment the languages and systems of writing alphabetical objects were used by the Turkish and Kazakh people, living on different geographical scripts, so they could not use the each others' information directly in their written languages. The results of experimental work of phonetics researchers of Kazakh Turkish languages are used in the article.

Key words: Latin alphabet, phonetics, Kazakh language.